

**"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 674 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 59 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 674 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясында:

"1. Ағымдағы жағдайды талдау" деген бөлімде:

"3. Ішкі ортаны талдау – еншілес ұйымдар қызметінің нәтижелері" деген кіші бөлімде:

4-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте халықаралық даму институттарымен салыстырып, жүргізілген талдау жалпы Холдинг тобының кредит төлеу қабілеттілігі жоғары деңгейде екенін көрсетті. Осылайша, 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шоғырландырылған негізде  
б о р ы ш / к а п и т а л а р а қ а т ы н а с ы

1,7-ні құрады. Борыш деңгейін капиталға арақатынаста 7,0-ке дейін ұлғайту мүмкіндігіне негізделе отырып, тартылған қаржыландырудың қосымша көлемі 3,2 трлн . теңгені құрауы мүмкін. Бұл ретте халықаралық даму институттарының тәжірибесімен салыстыру қарыз алуды, оның ішінде мемлекеттік кепілдіктер тетіктері арқылы тарту мемлекеттік қолдау деңгейін арттыру қажеттілігі туралы айғақтайды.";

"3. Холдингтің интеграцияланған даму институты ретінде қалыптасуының бірінші кезектегі міндеттері" деген бөлімде:

"2. Қаржы ресурстарын басқару тиімділігін арттыру" деген кіші бөлімде:

бірінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 2018 жылға дейін Борыш/Капитал көрсеткішін 7,0 аспайтын деңгейде ұстау. 2023 жылға Борыш/Капитал нысаналы көрсеткіші рейтингтік агенттіктердің ұсыныстарына сәйкес айқындалатын болады.";

"5. Холдинг деңгейінде қызметтің күтілетін нәтижелері" деген бөлімде:

Холдингтің интеграцияланған даму институты ретінде қалыптасуы үшін қойылатын міндеттерде:

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Қарыз/Капитал	1,8	3,5-тен жоғары емес	7,0 аспайтын	_32
---	---------------	-----	---------------------	--------------	-----

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б.Сағынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК